

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

МҒТАР 821.512.122

Ш.Е. Ауелбекова

С.Демирел университеті, Қаскелең қ., 040900, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЫ-«МҮНИӘТУЛ-ҒУЗАТ»

Мақаламызда көне мәмлүк – қыпшақ тілінде жазылған кітаптардың бірі “Мүниәтул-ғузат” шығармасына талдау жасаймыз. “Мүниәтул-ғузат” кітабында түркі тіліне аударма болғандықтан байырға түркі сөздері қолданылған. Бұл кітап негізінде әскерлерге соғыс өнерін үйрету мақсатында жазылғандықтан шығарманың тілі – қарапайым, әрі нақты, тілді көркем, бейнелі қолдануды қажет етпеген. Негізгі сөздік қор соғыс техникасына қатысты терминдер, сол кезде соғыста қолданылған қару-жарақ атауларынан тұрады. Біз үшін бұл шығарма сол кезеңдегі ауыз екі тілдің қандай болғаны жөнінде мағлұмат беретін тарихи бастау болуымен құнды. Қазақ тілінің тарихи бастау көздерінің бірі ретінде қарауымызға толық негіз бар. Бұл еңбектер түркі тілдерінің типологиялық ерекшеліктері, дыбыстық құрамы, олардың шығу тарихы мен даму эволюциясы, семантикалық табиғатымен, тілдегі қолданылуы жайында зерттеулерімізге негіз болатын шығарма. Түркі тілдеріне тән түбір сөздердің табиғаты жөнінде мәлімет көзі болатын жәдігер. Қазіргі қазақ тілімізде қолданылып жүрген тіл байлығымыздың негізін құрайтын сөздердің байырғы түбірлердің негізгі ұйытқысы, қайнар көзі болып табылатын базистік лексиканың табиғаты туралы сыр шертеді. Халықтың ұзақ тарихи дамуының бірден-бір куәгері, материалдық және рухани байлығының айнасы болып саналатын маңызды шығармалардың бірі. Қазақ тілінің жүріп өткен ұзын тарихи жолы мен қат-қабат сырын ашуға көмектесетін еңбек екендігі мысалдармен беріледі.

Кілт сөздер: мәмлүк- қыпшақ тілі, “Мүниәтул-ғузат”, соғыс өнері, қару-жарақ, тарихи.

КІРІСПЕ

Қазақ халқының этникалық тарихы қыпшақтармен тығыз байланысты. Сондықтан көне қыпшақша жазылған жәдігерлер қазақ тілінің тарихи бастауы болуы тұрғысынан құнды. Қыпшақша туралы ең көне мәліметтер аз болса да, Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрк» еңбегінде кездеседі. Қашқарлы Махмұттан екі ғасыр өткеннен кейін Мысырда (XV.ғ.), Сирияда (XIV.ғ.), жазылған мәмлүк қыпшақшасы дәуіріне тән шығармалар тілі бірдей емес, тілдік сипаттары жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Турколог ғалымдардың бұл шығармалардың қыпшақ, оғыз, қапшақ-оғыз тілдік ерекшеліктерін көрсететіні жайында пікірлері танымыл.

Сирияда (XIV.ғ.), Мысырда (XV.ғ.) жазылған шығармалардың барлығы арабша тілдік грамматикасына сай дайындалған лұғаттар. Қыпшақша алдымен есімдер түрлері мен топтарына қарай орналасқан, содан кейін олардың араб тіліндегі баламасы, ретімен етістіктер, фонетика морфология, есімдік т.б сияқты сөз таптары жайында мәліметтер берілген. Бұл шығармалардың барлығы да арабтарға түркі тілін үйрету мақсатында жазылған шығармалар.

«Мәмлүк-қыпшақ түркі тілі» деген атаумен топтастырылған шығармалардың тағы бір түрі – араб тілінен аударылған шығармалар. Қыпшақтардың Солтүстік Кавказдан Шығыс Европаға дейін созылып жатқан үлкен географиялық аймақта өмір сүруі, Мысыр мен Сириядағы мәмлүк қыпшақтарымен, түрікмендермен тығыз байланыста болуы, бір жағынан шығыс түркі тілі ерекшеліктерін көрсетуіне себеп болса, екінші жағынан, оғыз тобына тән түркі тілдерінің тілдік ерекшеліктерімен сөздік қорларының үнемі араласып кетуіне жағдай жасаған. Қыпшақ кезеңіндегі шығармалардың барлығында бұл ерекшелік бар. Бұл шығармалардың тілі туралы түрлі көзқарастар мен пікірлердің болу заңды құбылыс. Махмұт Қашқаридың оғыз -қыпшақ деп бірге айтуының өзі бұл екі топтың арасында өте үлкен айырмашылықтың болмауынан және бұл топтар жайында мәліметтердің жалпыламалық сипатынан болса керек. Тілдік ерекшеліктердің болуы түркі тілдерінің белгілі географиялық аймақтарға орналасуына байланысты шыққан жергілікті ерекшеліктер болуы мүмкін [1, 7].

Қыпшақша жазылған кітаптарда кейбір авторлар шығармаларының «түрікше», таза түрікше», «қыпшақша, «түрікменше» жазылғанын ескертіп отырса да, олардың бір-бірінен қалай ерекшеленетінін ешкім нақты көрсетіп айтып кетпеген.

Мақалада “Мүниәтул-ғузаттың» тіліне байланысты айтылған пікірлердің қайсысы орынды екеніне көз жеткізу үшін, бұл еңбектегі барлық түркі тілдеріндегі сөздерді анықтадық. Олардың қазіргі түркі тілдері қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек және түрік тілдерінде қазіргі уақыттағы қолданылу жайымен салыстырдық. Зерттеу тәсіліміз, сөздіктерді қолдану арқылы статистикалық талдау жүргізе отырып, салыстырмалы әдіс қолдандық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Көне мәмлүк – қыпшақ тілінде жазылған кітаптардың бірі “Мүниәтул-ғузат” деп аталады. “Батырлардың тілегі” мағынасын білдіретін бұл шығарма, аты-жөні белгісіз бір аудармашы тарапынан Тимур Бектің қалауы бойынша Мысырда аударылған. “Мүниәтул-ғузат” кітабының тек бір қолжазбасы Стамбулдың Топқапы сарайында сақтаулы. Қолжазба 115 беттен тұрады. Әр бір бет 9 жолдан, арабша жазылған алғашқы беттері ғана 7 жолдан тұрады. Стамбул нұсқасында Батыр Алтынбұғаға арналып, 1446 – 47 (х. 850 ж.) жазылғаны жөнінде мәлімет бар [2, 6].

Шығарма соғыс өнеріне байланысты түркі тілінде жазылған кітаптардың ең көнесі және тіл ерекшелігі жағынан туыстас тілдер арасындағы тарихи даму мен тілдердің туыстық байланысын зерттеуде маңызы зор еңбек болып саналады. Тіл табиғатының ғасырлар қойнауынан бері жалғасып келе жатқан сырын ашуға талпыныс ғылымның басқа салаларымен (психология, антропология, мәдениеттану, мифология т.б.) байланыстырыла қарастырылса жақсы нәтижеге жеткізетіні анық. Өйткені, кез – келген ұлттық тілдің түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың сан дәуірдегі жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде тұрмысына орнықтырған мәдениетімен, ой-санасымен тікелей байланысты екені сөзсіз. Осындай тарихи сабақтастықтан сөз қозғай алатын шығармалардың бірі «Мүниәтул-ғузат». Бұл шығарма сол дәуірдегі заманауи қажеттіліктердің бірі ретінде маңызы зор соғыс өнері жайында жазылған.

Қазақ халқы тарихына көз жіберсек, соғыс өнерін меңгеру, қару-жарақты қолдана білудің соншалықты маңызды саналғанына куә боламыз. Тіпті, бұл жағдайды қазіргі кезде жаңа техника мен технологияны меңгерудің маңыздылығына ұқсатсақ қателеспейміз деп ойлаймыз. Қазақта «ер қаруы – бес қару» деген қанатты сөз, «бес қаруын асынды», «бес қаруы бойында», «бес қаруын сайланған» деген сөз тіркесі бұл қару-жарақ түрлерін қолдана білудің және соғыс өнерін меңгерудің соншалықты маңыздылығын білдіргендей. Қазақтың аңыз-дастандарында батырлар қолданған бес түрлі қару туралы мәліметтер жиі кездеседі [3, 304].

«Мүниәтул-ғузат» – адамдарға осы соғыс өнері және қару-жарақты қолдануды үйрету мақсатында жазылған шығарма. Бұл кітапта қару-жарақтың алты түрі жайында баяндалады.

Шығарманы араб тілінен түркі тіліне аударған аудармашының берген мәліметі бойынша олар мыналар: атқа міну, сүңгі ұстау, қылыш ұстау құралдары, қалқан ұстау, оқ ату, доп ату. Тек Стамбул нұсқасында бұл алты өнердің бірі – «қалқан ұстау» бөлімі сақталмаған және «оқ ату» бөлімінің бас жағы жоғалған.

«Мүниәтул-ғузат» «атқа міну» деген бөліммен басталады. Қазақтар атқа міну өнеріне балаларын жастайынан баулитын болған. «Ат құлағында ойнау» деген тіркесте айтып тұрғандай, атқа міну үлкен шеберлікті қажет ететін өнер. Сондықтан қазақ балаларын ерте 5-7 жастан бастап атқа мінгізіп, 10-12 жастан-ақ аламан байгеге қатыстыратын болған.

«Мүниәтул-ғузатта» атқа міну өнерінің қыр-сыры жазылған. Бұл бөлімде ат үстінде емін-еркін отырудан бастап, ер тоқымсыз атқа мінуді, ер тоқымның, үзеңгінің қандай болу керек екендігі туралы айтады. Бұлармен қатар атты қалай жүргізу, қалай шапқызу және қалай кері қайтару, қалай тынықтыру керектігі жайында мәліметтер берілген.

«Мүниәтул-ғузаттағы» келесі бөлім «сүңгі ұстау» деп аталады. Түркі халықтарында орта қашықтықта ұрыс жүргізгенде қолданылатын түйреу қаруының бірінші түрі – найза болса, екінші түрі – сауытты әскерге қарсы қолданылатын қару – сүңгі. Сүңгінің қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде де маңызды орны болған. А. Янушкевич «Сапар күнделігінде» қазақ үйдің сыртына шығарылып қойылған сүңгінің бұл шаңырақ иесінің сұлтан немесе ұлық екенін көрсететін белгі болып саналғандығы туралы жазады. Қазақтарда сүңгінің түр-түрі болған. Академик А. Қайдаров «Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение», – деген мақаласында мынадай сүңгі түрлерін атайды: толғамалы ақ сүңгі, алты құлаш ақ сүңгі, ырғай сапты сүңгі, төрт қырлаған көк сүңгі, асылдан соққан ақ сүңді [3, 305].

Ерлер өтті қарасам,

Көк сүңгіні өңгерген,

Азды көпке теңгерген. (Нұрым Шыршағұлұлы, Ақберен, 66.б) – деп жырлағанындай, кітаптың «сүңгі ұстау» деп аталатын бөлімінде соғыс қаруы болып табылатын «сүңгі» және оны қолдану тәсілдері баяндалған. «Мухдиси», «Сағри», «Шами», «Хорасани» сияқты сол кездегі танымал сүңгі ұстау әдіс-тәсілдері мен оларды қолдану жолдары үйретіледі. Бір тәсілден екінші тәсілге өту шеберлігі, дұшпанмен шайқасу кезінде осы әдіс-тәсілдерді ұсталықпен қолдана білу техникасы жазылған.

Қылыш ұстау.

Бұл бөлімде «Емен», «Кыла», «Үнді», «Фиренжи», «Мысыр», «Сүлеймен», «Дымышки» сияқты қылыштардың ерекшеліктері және оларды қолдана білу техникасы, сақтау жолдары, қылышты дұрыс қолданудың тәсілдері берілген.

Қалқан ұстау.

Бұл бөлім бізге жетпеген, кейіннен жоғалып кеткенге ұқсайды.

Оқ ату.

Стамбул нұсқасында «оқ ату» бөлімінің бас жағы жоғалған. Бұл бөлімде «оқ ату» өнерінің қыр-сыры жайында айтылады. Оқ атудың бір өнер екенін ескертіп, оны меңгерудің жолдарын көретеді. Жақсы оқ ату үшін оның техникасын меңгерудің маңыздылығына назар аудартады. Ең маңыздысы төменнен жоғарыға қарай ату керек екенін үйретеді. Қамалға қалай оқ ату керек екендігін көрсетеді. Сол кездегі маңызды соғыс қаруының бірі садақты қолдану тәсілін баяндайды. Соғыс кезінде өте үлкен стратегиялық маңызға ие ат үстінен оқ ату тәсілін үйрететін әдіс-тәсілдер туралы да айтып кетеді.

Доп ату.

Нұсқаның соңғы бөлімі «доп ату» өнеріне арналған. «Допты» көзделген нысанаға дәл атып тигізу соғыс кезінде үлкен шеберлікті қажет ететін болған. Бұл талмай жаттығу мен адам өзін шыңдау арқылы қол жеткізетін өнер болғандықтан арнайы дайындықты қажет ететін. Белгілі тәсілдері мен меңгерілуі тиіс біліктілік пен дағдыны қамтитын соғыс өнері еді. Сондықтан “чевгян” (таяқ) деп аталатын ойын арқылы әскерге соғыс өнері үйретілетін. Бұл ойында «чевгянмен-таяқпен» допты ұру тәсілдері, ойын ережелері, ойыншылардың саны, ойында қолданылатын құралдардың (чевгянның) саны, ойнайтын жердің көлемі, ойынның

сипаты жайында мәліметтер берілген. Бұл бөлімнің соңында тағы да бір соғыс қаруы-сүңгінің қолданылу техникасы жайында айтып кеткен.

Қазақтарда қолданылған шабу қаруы – «шақан», осы «чевганның» қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне байланысты дыбысталуы. Шақан – шүйдесі жатық, жалманы үшбұрышты сына тәрізді жасалған, жүзі жіңішке шабу қаруы.

“Мүниәтул-ғузат” кітабында түркі тіліне аударма болғандықтан байырға түркі сөздері қолданылған. Бұл кітап негізінде әскерлерге соғыс өнерін үйрету мақсатында жазылғандықтан шығарманың тілі – қарапайым, әрі нақты, тілді көркем, бейнелі қолдануды қажет етпеген. Негізгі сөздік қор соғыс техникасына қатысты терминдер, сол кезде соғыста қолданылған қару-жарақ атауларынан тұрады. Біз үшін бұл шығарма сол кезеңдегі ауыз екі тілдің қандай болғаны жөнінде мағлұмат беретін тарихи бастау болуымен құнды. Қазақ тілінің тарихи бастау көздерінің бірі ретінде қарауымызға толық негіз бар. Бұл еңбектер түркі тілдерінің типологиялық ерекшеліктері, дыбыстық құрамы, олардың шығу тарихы мен даму эволюциясы, семантикалық табиғатымен, тілдегі қолданылуы жайында зерттеулерімізге негіз болатын шығарма. Түркі тілдеріне тән түбір сөздердің табиғаты жөнінде мәлімет көзі болатын жәдігер. Қазіргі қазақ тілімізде қолданылып жүрген тіл байлығымыздың негізін құрайтын сөздердің байырғы түбірлердің негізгі ұйытқысы, қайнар көзі болып табылатын базистік лексиканың табиғаты туралы сыр шертеді. Халықтың ұзақ тарихи дамуының бірден-бір куәгері, материалдық және рухани байлығының айнасы болып саналатын маңызды шығармалардың бірі. Қазақ тілінің жүріп өткен ұзын тарихи жолы мен қат-қабат сырын ашуға көмектесетін еңбек болуымен құнды.

“Мүниәтул-ғузаттың» тілдік ерекшеліктері

Бүгінге дейін “Мүниәтул-ғузат” қандай түркі тілдік топтың ерекшелігін көрсететін шығарма екендігі жайында бірнеше пікірлер айтылды. Атақты турколог Jonas Eckmann “Мүниәтул-ғузатқа” «негізгі қыпшақ тілінде жазылған шығарма», – деп баға береді [4, 36]. Ал, G. Doerfer болса “Мүниәтул-ғузат” тілі жайында: “Негізінде бұл кітап шағатай тілінде жазылған, бірақ қыпшақ тілі де араласқан” дейді [5, 1-2].

Біз “Мүниәтул-ғузаттың» тіліне байланысты айтылған пікірлердің қайсысы орынды екеніне көз жеткізу үшін, бұл еңбектегі барлық түркі тілдеріндегі сөздерді анықтадық. Олардың қазіргі түркі тілдері қыпшақ тобына жататын қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі және шағатай тілінің жалғасы болып табылатын, түркі тілдерінің қарлұқ тобына жататын өзбек тілі; оғыз тобына кіретін түрік тілдерінде қазіргі уақыттағы қолданылу жайымен салыстырдық. «Мүниәтул-ғузат» кітабында қолданылған түркі сөздерінің аты мақаламызда негіз етіп аталған түркі тілдерінде қолданылуының пайыздық мөлшерін анықтадық.

“Мүниәтул-ғузат” кітабында кездесетін түркі сөздерін қазіргі кездегі түркі тілдерінде қолданылу жағдайын анықтау мақсатында мынадай бөлімдерге бөліп қарастырдық.

Жоғарыда аталған түркі тілдерінде қазіргі қолданыста кездеспеген сөздер.

Туыстас тілдер дерегін салыстырғанда түркі тілдерінің көпшілігінде кездеспесе өзге тілге тән сөз болуы мүмкін деген қорытынды жасаймыз.

“Мүниәтул-ғузат” кітабында қолданылған кейбір сөздер зерттеген тілдеріміздің еш қайсысында бүгінгі таңда қолданыста жоқ болып отыр. Мысалы ондай сөздер мыналар: *буш-* (27а-8) “кесірін тигізу”; *кол* (8а-6) “күн сәулесі түспейтін шұңқыр жер”; *курла* (15а-8) “рет, кере”; *сары* (39а-5) “жақ, жөн”; *сару* (15а-9) “жақ, жөн”; *үкүш* (3а-8) “көп”.

“Мүниәтул-ғузат” кітабында қолданылған *катла* (9б-9) “рет, кере” мағынасындағы сөз бүгінгі таңда тек өзбек тілінде ғана қолданылуда. Ал қазақ, қарақалпақ, ноғай, түрік тілдерінде болса бұл сөз қолданыста жоқ. Бұл сөздің орныны қыпшақ тобында *рет*; ал оғыз тобында болса *кез*, *кере* сөздері қолданылуда.

Шығармадағы тек мына сөздер ғана бүгінгі таңда қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде қолданылады.

Қазақша, қарақалпақша, ноғайшада төмендегі сөздер тұлға жағынан да, мағыналық жағынан да қолданылуы бірдей.

Аң-маң (42а-9) – «таң қалу»; қазақшада – *аң-таң*, қарақалпақшада – *аң-таң*, ноғайшада – *аң-таң*.

Аркын (48а-6) – “ақырын, жай”; қазақшада – *ақырын*, қарақалпақша – *акырын*, ноғайша – *акырын*.

Бирер (7а-9) “бірер, бірен-саран”; қазақша – *бірер*, қарақалпақша – *бирен*, ноғайша – *бирем*.

Биік (80а-2) – “биік”; қазақшада *биік*, қарақалпақша – *биік*, ноғайша – *биік*.

Соқыр (366-9) – “соқыр”; қазақша – *соқыр*, қарақалпақша – *соқыр*, ноғайша – *соқыр*.

Оғыз тобында қолданылған сөздер

“Мүниәтул-ғузат” кітабындағы тек қазіргі кезде тек түрік тілінде кездесетін сөздер.

Олар мыналар:

Бул (70а-90) – “табу”; қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерінде бұл сөздің орнына «*табу*» етістігі қолданылады.

Чевре (646-1) – “айнала, маңай”; қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерінде бұл сөз қолданылмайды.

Дөгүл (186-5) және *төгүл* (106-2) – “емес”. Қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерінде бұл сөздің орнына «*емес*» қолданылады. Бірақ қыпшақ тобына кіретін түркі тілдерінің кейбіреулерінде белгілі бір жағдайларда сирек болса да *туғил* сөзі қолданылуда.

Иксик (114а-1) – “аз, жетпеу”; қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерінде бұл сөз қолданылмайды.

Казанч (1086-7) – “пайда”; қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерінде бұл сөз қолданылмайды.

Киндү (7а-8) – “өз”; қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерінде бұл сөздің орнына «*өз*» қолданылады.

Кизле (156-6) – “тығу, жасыру”; қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерінде бұл сөздің орнына «*жасыру*» қолданылады.

өрт (446-7) – “жабу”; қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдерінде бұл сөздің орнына «*жабу*» қолданылады.

Қыпшақ, оғыз тобы түркі тілдеріне ортақ сөздер

Дыбыстық және мағыналық жағынан қолданылуы бірдей сөздер:

“Мүниәтул-ғузат” кітабында қолданылған көп сөздер қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек және түрік тілдерінде дыбыстық және мағыналық жағынан бірдей.

ак (72а-1) – “ак”; *ал* (60а-1) – “алу”; *алда* (22а-9) – “алдау”; *алты* (5а-9) – “алты” (сан); *арқа* (126-1) – “арқа”; *бас* (396-2) – “бас”; *бат* (8а-3) – “бату”; *біл* (436-4) – “білу”; *Бім* (80а-2) – “біту”; *Бол* (27а-4) – “болу”; *ескі* (85а-5) – «ескі»; *қайна* (81а-1) – “қайнау”; *ок* (536-9) – “ок”; *орта* (64а-9) – “орта”; *сал* (426-1) – “салу”; *тырнак* (104а-7) – “тырнак”.

Дыбыстық жағынан бірдей, ал мағынасы жағынан жақын сөздер.

“Мүниәтул-ғузат” кітабында дыбыстық жағынан бірдей, ал мағынасы жағынан жақын сөздер де кездеседі. Олар мына төмендегідей:

катла (1116-5) – “домалану, қабаттау”; қазақша – *қатта*, қарақалпақ және ноғай тілдерінде – *катла*, өзбек тілінде – *катла*, түрікше – *катла*; беретін мағынасы – “қаттау, қабаттау”.

көтүр (72а-6) – “көтеру, апару”; қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде – *көтер*. Өзбек тілінде – *көтар*. Ал түрікшеде – *гөтір*; бұл сөз тек дыбыстық өзгеріске ұшыраған, бірақ мағынасы бірдей – «көтеру»

сағын (866-2) – “ойлану” сөзі қазақ, қарақалпақ, тілдерінде “сағыну” мағынасында қолданылуда, ал түрікшеде бұл сөз қолданыста жоқ.

Мағынасы жағынан бірдей дыбыстық жағынан өзгерістерге ұшыраған сөздер:

“Мүниәтул-ғузат” кітабында қолданылған кейбір сөздер бүгінгі қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек және түрік тілдерінде қолданылуында дыбыстық жағынан айырмашылық бар. Бірақ бұл сөздердің дыбыстық өзгерістерінің тарихи дамуына қарағанымызда бүгінгі таңда бөлек дыбысталғанымен, ортақ бір дыбыс екенін көреміз.

кейбір сөздер қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек тілдерінде дыбыстық өзгерістерге ұшыраған. Олар:

-д ~ -т

ад (5а-7) – “ат, есім”

-к- > -ғ-

дакы (103б-9) – “тағы”.

ч > ш

ач- (77а-6) – “ашу”

б- ~ п-

бычак (79б-8) – “пышақ”

б- > м-

бойын (34а-7) “мойын”

ө- > ү- -ғ- > -и-

өзрен- (25б-9) – “үйрену”

Мағынасы жағынан жақын дыбыстық өзгерістерге ұшыраған сөздер:

Дыбыстық өзгерістерге ұшыраған, бірақ мағынасы жағынан бір-біріне ұқсамайтын сөздер де кездеседі.

алкышчы (4а-8) – “алғыс айтушы, мақтаушы” қазақ, қарақалпақ, тілдерінде: -к- > -ғ-; -ш- > -с-; -ч- > -и- дыбыстық өзгерістерге ұшырап *алғысшы* ретінде қолданылады.

-ш > -с

карындаш (83а-4) – “қарындас” қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *қарындас* болып қолданылуда.

Ортақ бір түбірден тараған тұлғалық жағынан басқаша сөздер:

“Мүниәтул-ғузат” кітабында қолданылған кейбір сөздерді зерттегенімізде қыпшақ, шығыс және оғыз түркі тілдер тобына кіретін сөздермен түбірлері ортақ, бірақ қазіргі қолданыста кезде өзгеріске ұшырағанын көреміз.

ашағы (23б-3) – “астынғы, төменгі” мағынасындағы сөз қазақ, қарақалпақ, ноғай, және өзбек тілдерінде *астынғы* түрінде қолданылады.

көркүлүг (8а-2) – “көрікті” мағынасында қазақ, қарақалпақ, ноғай, және өзбек тілдерінде *көркті*.

сакын- (109а-4) – “сақтану” қазақшада *сақтан*, қарақалпақ-ноғай және өзбек тілдерінде *саклан* “сақтану” мағынасында қолданылады.

Тек түбірлері ғана табылған сөздер

Мәтінде кездескен кейбір сөздерге қазіргі түркі тілдерінде ортақ бір түбірден тараған сөздер: *кары* (83а-2) – “кәрі” *карт* “кәрі”, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *кәрі* түрінде қолданылуда;

яары (25а-5) қазақ, қарақалпақ тілдерінде “жәрдем” тілдерінде *жәрдем*, ноғай, өзбек тілдерінде *яардым* “жәрдем” түрінде қолданылуда.

Мағынасы жағынан бірдей емес сөздер

“Мүниәтул-ғузат ” кітабында қолданылған кейбір сөздер бүгінгі қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек және түрік тілдерінде дыбыстық жағынан ұқсас бірақ бұлардың мағыналары бір-біріне ұқсамайды.

охша (81а-2) “ұқсау” сөзі түрікше *окша* “мейіріммен сыйпау” мағынасында, ал қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде *ұқса* “ұқсау”, өзбек тілінде *охша* “ұқсау” мағынасында қолданылуда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүкіл бұл зерттеу жұмысының нәтижесіне қарай отырып мынадай қортынды жасай аламыз.

“Мүниәтул-ғузат” кітабында кездескен түркі тіліндегі сөздердің жалпы саны 681. Бұлардың 35-і оғыз тобына кіретін түрік тілінде, 16-сы қыпшақ тобына кіретін қазақ,

қарақалпақ, ноғай тілдерінде, түркі тілдерінің қарлұқ тобына кіретін өзбекшеде біреуі қолданылуда; ал 9-ы болса зерттеген тілдеріміздің еш қайсысында қолданылмайды.

Барлық сөздер	681	100%
Ортақ сөздер	621	91,25%
Түрік тілінде	35	5,20%
Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінде	16	2,5%
өзбек тілінде	1	0,01%
Еш бірінде жоқ	9	1,4%

Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған “Мүниәтул-ғузат» шығармасында кездесетін түркі тілдеріндегі сөздердің көпшілігі байырғы түркі сөздері. Бұдан біз бұл кітаптың тілі қыпшақ немесе шағатай тілінде деген пікірлердің нақты еместігіне куә боламыз. Кітаптың тілдік ерекшелігін түркі тілінің тек бір тобына немесе түркі тілінің біріне телу шындыққа жанаспайды. Тілдік ерекшелігін салыстыра зерттеу барысында түрік, қазақ, қарақалпақ, ноғай және өзбек тілдеріне ортақ ерекшеліктерді кездестірдік және сөздік қордың да ортақ екендігіне көзіміз жете түсті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ауелбекова Ш. «Мүниәтул-ғузат»-қаһармандық дәстүр мұрасы» Алматы, Таңбалы баспасы, 2017.
- 2 «Мүниәтул-Ғузат» (Мәтін, баспаға дайындаған М. Уғырлы), Анкара, Башбақанлық Басымеви, 1987.
- 3 Қайдаров А. Қазақ тілінің өзекті мәселелері./ «Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение», Алматы, Ана тілі баспасы. 1998. 304б.
- 4 Екманн Ж. “The мамлук-қыпчак литературе» Централ Асиятик жоурнал 8. б 35-41
- 5 Деорфер Г. “Угурлу 1987 узерине танытма язысы” Централ Асиятик жоурнал 33. б 1-2.
- 6 Құралұлы А. Қару-жараққа, құрал-жабдыққа, өлшемге, ойындарға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі, Алматы, Өнер баспасы 2007.
- 7 Акабиров, Ш. Өзбек тілінің изохли лугати, Т.1 (1981), Тошкент, Рус тили нашриоти.
- 8 Баскаков. Н.А. Ногайско-русский словарь. Москва. Т.1(1958), Т.2 (1963), Государственное издательство иностранных и ноциональных словарей.
- 9 Ерен Х. Түркче сөзлүк. Анкара. 1988. Т.1.
- 10 Есмуратова. Р. Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөзлігі, Нукус, Т.1. (1982), Т.4. (1992), Қарақалпақстан баспасы.
- 11 Кенесбаев. К. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы. Т.1 (1974), Т.2 (1976), Т.3 (1978), Т.4 (1979), Т. 5 (1980), Т. 6 (1982), Т. 7(1983), Т.8 (1985), Т.9 (1986), Ғылым баспасы.
- 12 https://www.researchgate.net/publication/282422024_Written_Manuscripts_in_Ancient_Kipchak_Language_of_1315th_Centuries_and_their_Research_Problems_in_Kazakhstan
- 13 <http://psychologyandeducation.net/pae/index.php/pae/article/view/1720>
- 14 <https://www.researchwithrutgers.com/en/publications/kazakh>

Материал 03.01.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Auelbekova, Ş. (2017) "Müniätül-ğuzat" – qaharmandyq дәstür mürasy ["Munyatul' Ghuzat" – a legacy of heroic traditions]. Almaty: Tañbaly baspasy.
- 2 Ugurly, M. (ed). (1987) *Müniätul-Ğuzat* [Munyatul' Ghuzat]. Ankara: Başbakanlyk Basymeви.
- 3 Qaidarov, A. (1998) *Qazaq tilmñ özekti мәseleleri* [Topical issues of the Kazakh language]. Almaty, Ana tılı baspasy.

- 4 Eckmann, J. (1963) The Mamluk-Kipchak Literature. *Central Asiatic Journal*, 8, pp. 35–41.
- 5 Deorfer, G. (1987) 1987 Introductory Letter to Ugurlu. *Central Asiatic Journal*, 33, pp. 1–2.
- 6 Qūralūly, A. (2007) Qaru-jaraqqa, qūral-jabdyqqa, ölçemge, oiyn darğa bailanysty terminder men söz tirkesteriniñ tüsindirme sözdığı [Explanatory dictionary of terms and phrases related to weapons, equipment, size, games]. Almaty: Öner baspasy.
- 7 Akabirov, Ş. (1981) Özbek tılıniñ izohli lugati [Dictionary of the Uzbek language]. Vol. 1. Tashkent: Rus tili naşrioti.
- 8 Baskakov. N.A. (1958–1963) *Nogaysko-ruski slovar* [Nogai-Russian dictionary]. In 2 vols. Moscow: Gosudarstvennoe izdatelstvo inostrannykh i natsionalnykh slovarey.
- 9 Eren, H. (1988) *Türkche sözlük* [Turkish dictionary]. Vol. 1. Ankara: [s.n.].
- 10 Esmuratova, R. (1982–1984) *Qaraqalpaq tılıniñ tüsindirme sözlğı* [Explanatory dictionary of the Karakalpak language]. Vols 1 and 4. Qaraqalpaqstan baspasy.
- 11 Kenesbaev, K. (1974–1986) *Qazaq tılıniñ tüsindirme sözdığı* [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Vols 1–9. Almaty: Ğylym baspasy.
- 12 Aubakirova, K. et al. (2015) Written Manuscripts in Ancient Kipchak Language of 13–15th Centuries and their Research Problems in Kazakhstan. *Mediterranean Journal of Social Sciences*, 6. Available at: https://www.researchgate.net/publication/282422024_Written_Manuscripts_in_Ancient_Kipchak_Language_of_1315th_Centuries_and_their_Research_Problems_in_Kazakhstan
- 13 Zarifboy Dosimov, Z. and Alimova, Sh. (2021) *The vocabulary layer of the Khorezm Kipchak dialect*. Available at: <http://psychologyandeducation.net/pae/index.php/pae/article/view/1720>
- 14 McCollum, A.G. and Chen, S. (Accepted/In press). Kazakh. *Journal of the International Phonetic Association*, 1–23. Available at: <https://www.researchwithrutgers.com/en/publications/kazakh>

Историческое начало казахского языка – «Муниатул-гузат»

Ш.Е. Ауелбекова

Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Каскелен, 040900, Республика Казахстан

Одна из старейших книг, написанная на древнем языке мамлюков-кипчаков, называется “Муният-ул-Гузат”. Так как данная книга переведена на тюркский язык, в ней использованы коренные тюркские слова. Книга, в основном, предназначена для обучения военному искусству, поэтому написана просто и доступно, без применения художественного стиля. Основной запас словаря состоит из терминов, имеющих отношение к военной технике, наименованиям оружия, применявшегося в то время. Ценность этой книги заключается в том, что она является историческим источником информации о разговорном стиле того времени. Есть все основания рассматривать данную книгу как первоисточник казахского языка. Этот труд может служить основой для исследования типологических особенностей тюркских языков, их звукового состава, истории возникновения и эволюционного развития, семантической природы. Это экспонат, который содержит информацию о природе корневых слов, присущих тюркским языкам. Она раскрывает тайну природы базисной лексики, являющейся ядром древних корневых слов, которые составляют основу всего словарного богатства, применяемого в современном казахском языке. Это одна из важнейших работ, которую считают зеркалом материального и духовного богатства народа, единственным свидетелем его длительного исторического развития. Эта книга ценна тем, что она поможет раскрыть секреты долгого исторического пути казахского языка.

Ключевые слова: мамлюк-кипчак, “Муният-ул-Гузат”, тюркские слова.

Материал поступил в редакцию журнала 03.01.2022

The historical beginning of the Kazakh language: *Munyatul' Ghuzat*

S. Auyelbekova
Suleyman Demirel University, Kaskelen, 040900, Republic of Kazakhstan

One of the oldest books written in the ancient language of the Mamluk-Kipchak is called Muniyatu'l-Ghuzat. Since this book was translated into the Turkic language, it used native Turkic words. The book is primarily intended for teaching the art of war, so it is written simply, without artistic expressions. The main word stock consists of terms related to military equipment, names of weapons used at the time. The value of this book lies in the fact that it is a historical source of information about the conversational style of that time. There is every reason to consider the book as one of the primary sources of the Kazakh language. The work can serve as the basis for the study of typological features of the Turkic languages, their sound structure, their emergence and evolution, their semantic nature and use in the language. This is an exhibit, which contains information about the nature of root words inherent in the Turkic languages. It reveals the mystery of the nature of the basic vocabulary, which is the core of the ancient root words that form the basis of all the wealth of the vocabulary of the modern Kazakh language. This is one of the most important works, which is considered to be a mirror of the material and spiritual wealth of the people, the only witness to its long historical development. This book is valuable because it will help unlock the secrets of the long historical path of the Kazakh language.

Key words: Mamluk-Kipchak, Muniyatu'l-Ghuzat, Turkic words.

Received: 03.01.2022

FTAXP 17.82.32

Т. Берикбол

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

АСҚАР АЛТАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ НОМИНАТИВТІК ҚОЛДАНЫСЫ

Мақалада қазіргі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар, көркем туындылары көпшілікке танымал, көрнекті қаламгер Асқар Алтайдың әңгімелерінің тақырып атаулары қарастырылған. Жазушы Асқар Алтай қолданысындағы ұлттық болмысымызды танытатын этнотаңбаларды қарастыру, олардың экстралингвистикалық мәнділіктерімен тығыз байланыстыра отырып этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу белгілі бір тақырыптық топтарға жататын атаулар жүйесінің құрылымын, олардың қалыптасу заңдылықтарын айқындауға өзіндік үлес қосады. Демек, этнотаңбалардың берілуі ақиқат өмірмен байланысты ономазиологиялық зерттеуді қажет етсе, ол этнотаңбалардың рухани мәдениетпен астасуы этнолингвистикалық зерттеуді қажет етеді. Сондықтан ана тіліне жөргегінен жарыған жазушы А.Алтай әңгімелеріндегі этнотаңбалардың мазмұнын, қазақ халқына тән өзіндік ерекшелігін, этномәдени ерекшеліктерін анықтау қажет.

Кілт сөздер: постмодерндік, әңгіме, тақырып, образ, этномәдени, құндылық.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінің кейінгі жас толқынының сюжет құру ерекшеліктерін дәстүрлі прозаға қарағанда өзгеше екені мәлім. Бұл ерекшелік авторлық ұстанымына, уақыт пен кеңістік рөлімен түсіндіріледі. Ұлттық әдебиеттегі ашыла жазуға, көсіле жазуға заманы мүмкіндік бермеген модерндік әңгіме үлгісі заманауи прозашыларымыз тарапынан қазіргі дәуірде постмодерндік әңгіме үлгісіне айналды. Атап айтар болсақ, Жүсіпбек Қорғасбек,